

МАЗМҰНЫ

МАЗМҰНЫ	141
ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР	142
МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ	143
Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар ..	143
Пайдалану мақсаты	143
Пайдалану нұсқаулығы	143
КІРІСПЕ	144
Жақшадағы әріптер	144
Ақаулықтарды жою және жөндеу	144
СИПАТТАМАСЫ	144
Құрылғының сипаттамасы	144
Сүт ыдысының сипаттамасы	144
Керек-жарақтар сипаттамасы	144
Басқару тақтасының сипаттамасы	144
АЛДЫН АЛА ТЕКСЕРУ	145
Құрылғыны тексеру	145
Құрылғыны орнату	145
Құрылғыны жалғау	145
Құрылғыны алғаш рет пайдалану	145
ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ	146
ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ	146
МӘЗІР ПАРАМЕТРЛЕРІ	146
Сағат	146
Іске қосу	146
Авто бастау	147
Қақ тазалау	147
Температура	147
Кейін өшіру (күту режимі)	147
Су қаттылығы	147
Әдепкі мәндер (қалпына келтіру)	147
Тілді орнату	147
КОФЕ ЖАСАУ	147
Кофе дәмін таңдау	147
Кеседегі кофе мөлшерін таңдау	147
Бағдарламалау мөлшері	148
Кофе тартқышты теңшеу	148
Қолмен шаю	148
Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер	148
Кофе дәндерінен кофе дайындау	148
Ұнтақ кофеден кофе жасау	149
СҮТПЕН СУСЫНДАР ЖАСАУ	149
Сүт ыдысын толтыру және бекіту	149
Капучино жасау	149
Көпіршітілген сүт жасау	150
Сүт ыдысын пайдаланған соң тазалау	150
Кеседегі кофе мен сүт мөлшерін бағдарламалау ..	150
СУ ЫСЫТУ	150
Дайындық	150
Мөлшерін ауыстыру	151
ТАЗАЛАУ	151
Кофе жасағышты тазалау	151
Ұнтақ кофе ыдысын тазалау	151
Тамшы науасын тазалау	151
Құрылғының ішін тазалау	152
Су ыдысын тазалау	152
Кофе шүмектерін тазалау	152
Ұнтақ кофе воронкасын тазалау	152
Демдеу торын тазалау	152
Сүт ыдысын тазалау	153
ҚАҚ ТАЗАЛАУ	153
СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ	154
Су қаттылығын өлшеу	154
Су қаттылығын орнату	154
ТІЛДІ ТАҢДАУ	154
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР	154
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ	154
КӨРСЕТІЛЕТІН ХАБАРЛАР	155
АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ	157

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР

- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға (балаларды қоса) немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілмейінше және олар бақыланбайынша пайдалануға болмайды.
- Балалардың осы құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз.
- Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- Құрылғыны ешқашан суға батыру арқылы тазаламаңыз.
- Бұл тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Оны мынадай жерлерде пайдалануға болмайды: дүкендердегі, офистердегі және басқажұмысорталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Егер ашалы қосқыш немесе қуат сымы зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек тұтынушыларды қолдау қызметтері ауыстыруы керек.

ТЕК ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚҚА АРНАЛҒАН:

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалар сегіз жастан аспаған болса және үнемі бақылауда болмаса, тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балалар 8 жастан аспаса және бақылауда болмаса орындамаулары керек.
- Құрылғыны және оның сымын 8 жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз
- Құрылғыларды қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал

қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.

- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Пайдаланылмаған кезде және бөлшектерді кимес не шешпес немесе тазаламас бұрын, құрылғыны әрқашан розеткадан ажыратып жүріңіз.



Осы таңбамен белгіленген беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар

Маңызды ескертулер осы таңбалармен анықталады. Осы ескертулерді құрметтеу өте маңызды болып табылады.



Қауіпті!

Мұндай ескертуді елемеу электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.



Маңызды!

Мұндай ескертуді елемеу жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.



Күйіп қалу қаупі бар!

Мұндай ескертуді елемеу күйіп қалуға әкеп соқтырады.



Ескеріңіз:

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды кеңесті немесе ақпаратты білдіреді.



Қауіпті!

Бұл – электрлік құрылғы, сондықтан ол электр тогына түсуге себеп болуы мүмкін.

Сондықтан, осы қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- Құрылғыны ылғал қолдарыңызбен немесе аяқтарыңызбен тұртпеңіз.
- Сымды ешқашан ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Розетканың құрылғыны қажет кезде ажыратуға болатындай оңай қол жеткізетін жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Тек ашалы қосқыштан ұстап ажыратыңыз. Ешқашан сымнан ұстап тартпаңыз, себебі оны зақымдауыңыз мүмкін.

- Құрылғыны толық ажырату үшін, оны розеткадан ажыратуыңыз керек.
- Егер құрылғы ақаулы болса, оны жөндеуге тырыспаңыз. Оны өшіру үшін розеткадан ажыратыңыз және тұтынушыны қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.
- Құрылғыны тазаламас бұрын, оны әрқашан розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.



Маңызды:

Барлық орам (пластик қалталар, полистирен көбігі) материалдарын балалардан аулақ ұстаңыз.



Күйіп қалу қаупі бар!

Бұл құрылғы ыстық су шығарады және пайдалану барысында ол бу қалыптасуы мүмкін.

Су шашырандыларынан немесе ыстық будан абай болыңыз.

Құрылғы қолданып жатқан кезде, кесе текшесі өте ыстық болуы мүмкін.

Пайдалану мақсаты

Бұл құрылғы кофе және ыстық сусындар дайындауға арналған.

Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі. Өнім жасаушысы құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын зақым үшін жауапты емес.

Пайдалану нұсқаулығы

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Мұндай пайдалану нұсқауларын елемеу күйіп қалуға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

Өнім жасаушысы осы нұсқауды елемеуден туындайтын зақым үшін жауапты болмайды.

Ескеріңіз:

Осы пайдалану нұсқаулығын сақтап қойыңыз. Егер құрылғы басқа адамдарға берілсе, оларды осы пайдалану нұсқаулығымен бірге беру керек.

КІРІСПЕ

Осы дәннен эспрессо және капучино жасау құрылғысын таңдағаныңызға рахмет.

Жаңа құрылғыңызды рахатыңызға пайдаланасыз деп үміттенеміз. Осы пайдалану нұсқаулығын оқып шығуға бірнеше минут бөліңіз. Бұл барлық қауіп-қатерлер мен құрылғының зақымдануының алдын алады.

Жақшадағы әріптер

Жақша ішіндегі әріптер 2 және 3-беттердегі «Құрылғы сипаттамасы» бөліміндегі шартты белгілерге сілтейді.

Ақаулықтарды жою және жөндеу

Проблемалар болған жағдайда, алдымен оларды 155-беттегі «Көрсетілетін хабарлар және 157-беттегі «Ақаулықтарды жою» бөлімінде берілген ақпаратқа жүгіне отырып шешуге тырысыңыз.

Егер проблема осылай шешілмесе және қосымша ақпарат талап етсеңіз, «Тұтынушыларды қолдау қызметі» қосымша парағында берілген нөмірге қоңырау шалу арқылы тұтынушыны қолдау қызметімен хабарласыңыз.

Егер еліңіз берілген елдер тізімінен табылмаса, кепілдікте берілген нөмірге қоңырау шалыңыз. Егер жөндеу қажет болса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерімен ғана хабарласыңыз. Мекенжайлар құрылғымен бірге берілген кепілдік куәлігінде берілген.

СИПАТТАМАСЫ

Құрылғының сипаттамасы

(3-бет - **A**)

- A1. Тартуды реттеу тетігі
- A2. Дәндер ыдысы
- A3. Дәндер ыдысының қақпағы
- A4. Орталық ұнтақ кофе қақпағы
- A5. Өлшеуіш салынатын орын
- A6. Кесе жылытқыш
- A7. Ұнтақ кофе воронкасы
- A8. Негізгі қосқыш
- A9. Ыстық су шүмегі
- A10. Су ыдысы
- A11. Қуат кабелі

- A12. Кесе науасы
- A13. Тамшы науасы
- A14. Қызметтік қақпақ
- A15. Қықым науасы
- A16. Кофе шүмегі (биіктігі реттеледі)
- A17. Кофе бағыттауышы
- A18. Демдеу торы
- A19. Басқару тақтасы

Сүт ыдысының сипаттамасы

(3-бет - **B**)

- B1. Сүт көпірткіші бар қақпақ
- B2. CLEAN (ТАЗАЛАУ) түймесі
- B3. Сүт сору түтігі
- B4. Көпіршітілген сүт шүмегі
- B5. Сүт ыдысы

Керек-жарақтар сипаттамасы

(3-бет - **C**)

- C1. Ыстық су шүмегі
- C2. Өлшеу құралы
- C3. Тазалау щеткасы
- C4. Қақ тазартқыш
- C5. Жалпы қаттылықты тексеру

Басқару тақтасының сипаттамасы

(3-бет - **D**)

Тақтадағы бірнеше түйменің қос функциялары бар. Ол сипаттамада жақшалардың ішінде көрсетілген.

- D1. Дисплей: пайдаланушыға құрылғыны пайдалану барысында нұсқаулар береді.
- D2.  түймесі: қолмен шаю циклін орындауға арналған.
(Параметрлер МӘЗІРІНДЕ болған кезде: CHANGE түймесін мәзір параметрлерін өзгерту үшін басыңыз).
- D3.  түймесі: ыстық суды ыстық сусындарға жасау үшін ағызуға арналған. (Параметрлер МӘЗІРІНДЕ болған кезде: Жасалған таңдауды растау үшін OK түймесін басыңыз).
- D4.  түймесі: бір немесе екі лонг кофесін құю.
- D5.  түймесі: бір немесе екі стандарт кофесін құю.
- D6.  түймесі: бір немесе екі қысқа кофесін құю.
- D7.  түймесі: капучино немесе көпіршітілген сүт жасауға арналған (түймені екі рет басыңыз).
- D8.  түймесі: қажетті дәмді таңдауға

- арналған
- D9.  түймесі: құрылғыны іске қосу және өшіру (күту режимі).
- D10. **MENU** түймесі: мәзірге қатынасуға арналған:
- D11. Мәзір шамы: параметрлер мәзірінде болған кезде қосылады.
- D12.  түймесі: ұнтақ кофені таңдау. *(Параметрлер мәзірінде келесі мәзір параметрін көру үшін NEXT түймесін басыңыз).*

АЛДЫН АЛА ТЕКСЕРУ

Құрылғыны тексеру

Орамды ашқан соң, құрылғы бөлшектерінің түгелдігін, зақымданбаған және барлық керек-жарақтардың болуын тексеріңіз.

Егер құрылғының зақымданғаны көрініп тұрса, оны пайдаланбаңыз. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

Құрылғыны орнату



Маңызды!

Құрылғыны орнатқан кезде, мына қауіпсіздік туралы ескертулерге назар аударуыңыз керек:

- бұл құрылғы қызады. Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 3 см, ал кофе жасағыштың үстіне 15 см бос орын қалдырыңыз.
- Құрылғыға кірген су оны зақымдауы мүмкін.
Құрылғыны шүмектерге немесе раковиналарға жақын қоймаңыз.
- Құрылғыдағы су қатып қалса, ол зақымдануы мүмкін.
Бұл құрылғыны температурасы нөлден төмен түсуі мүмкін бөлмеге орнатпаңыз.
- Қуат кабелін қыры өткір немесе беті ыстық заттарға тимейтіндей етіп жүргізіңіз (мысалы, электрлік ыстық плиталар).

Құрылғыны жалғау



Маңызды!

Розетка қуаты кернеуінің құрылғы астындағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігін тексеріңіз.

Құрылғыны тек жерге тиімді жолмен тұйықталған және ток қуаты кемінде 10 А болатын розеткаға қосыңыз.

Егер розетка қуаты құрылғыдағы қуатқа сай болмаса, тиісті розетка түрін білікті маманға ауыстыртыңыз.

Құрылғыны алғаш рет пайдалану



Ескеріңіз:

- Құрылғыны зауытта тексерген кезде кофе пайдаланылды, сондықтан, кофе тартқышта кофе іздері қалса, бұл – қалыпты нәрсе. Дегенмен, бұл құрылғының жаңа екеніне кепілдік беріледі.
- Судың қаттылығын 15-беттегі «Су қаттылығын реттеу» бөліміндегі нұсқауларға жүгіне отырып, тез арада реттеңіз.

1. Құрылғыны розеткаға қосып, құрылғының артындағы негізгі қосқышты I бағытына қосыңыз (1-сурет).

Тілді таңдауыңыз керек (тілдер шамамен 3 секундтық аралықтарда жылжып отырады).

2. English (Ағылшын) сөзі пайда болған кезде **OK** түймесін бірнеше секунд күтіңіз (2-сурет). Тіл сақталған соң, "ENGLISH SET" (Ағылшын тілі орнатылды) хабары көрсетіледі.

Құрылғы көрсететін нұсқауларды орындаңыз:

3. "FILL TANK" (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ): су ыдысын шығарыңыз, MAX жолағына дейін таза сумен толтырып, құрылғыға (3-сурет) қайта салыңыз.
4. "INSERT WATER SPOUT" (СУ ШҮМЕГІН ЕНГІЗІҢІЗ): Қондырмаға ыстық су шүмегінің енгізілгеніне көз жеткізіп, ішінде кемінде 100 мл суы бар ыдысты шүмектің астына орналастырыңыз (4-сурет).
5. "Hot water Confirm?" (Ыстық су Растау керек пе?): **OK** түймесін басыңыз (2-сурет). "PLEASE WAIT" (Күте тұрыңыз) хабары көрсетіліп, құрылғы ыстық су шүмегінен су құюды бастайды.

Құрылғы бірінші басталу процедурасын аяқтайды, сосын "TURNING OFF, PLEASE WAIT" (Өшірілуде...Күтіңіз) хабары көрсетіледі де, құрылғы ажыратылады.

Кофе жасағыш енді әдеттегідей пайдалануға дайын.

Ескеріңіз:

- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, ол қанағаттанарлық нәтижені 4/5 кесе кофе немесе 4/5 каппучино жасағаннан кейін береді.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ

Ескеріңіз:

Құрылғыны іске қоспас бұрын, құрылғының артындағы I негізгі қосқыштың қосылғанын тексеріңіз (1-сурет).

Құрылғы іске қосылған сайын, ол кедергі жасауға болмайтын алдын ала қыздыру және шаю циклін автоматты түрде орындайды.

Құрылғы тек осы цикл аяқталған соң ғана пайдалануға дайын болады.

Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмегінен шамалы су шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады.

Су шашырандыларынан абай болыңыз.

- Құрылғыны өшіру үшін  түймесін (5-сурет) басыңыз. "HEATING UP, PLEASE WAIT" (Қызуда, күте тұрыңыз) хабары көрсетіледі.

Қызған соң, "RINSING" (ШАЮ ОРЫНДАЛУДА) хабары көрсетіледі. Ыстық су айналымының әсерінен су қайнату бөлігімен қоса құрылғының ішкі ағын түтіктері де қызады.

Құрылғы "READY STANDARD TASTE" (ДАЙЫН ҚАЛЫПТЫ ДӘМ) хабары шыққан кезде керекті температурада болады.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ

Құрылғы өшірілген сайын, ол кедергі жасауға болмайтын шаю циклін автоматты түрде орындайды.

Маңызды!

Құрылғыны зақымдап алмас үшін, оны өшіру үшін  түймесін басыңыз.

Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмектерінен аздап ыстық су шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады.

Су шашырандыларынан абай болыңыз.

Құрылғыны өшіру үшін  түймесін (5-сурет) басыңыз.

Ескеріңіз:

Егер құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, негізгі қосқышты 0 бағытына орналастырыңыз (6-сурет).

Құрылғы іске қосұлы болған кезде негізгі қосқышты ешқашан 0 бағытына қоймаңыз.

МӘЗІР ПАРАМЕТРЛЕРІ

Мына мәзір тармақтарын таңдауға болады: Clock (Сағат), Auto-start (Авто бастау), Auto-start (Авто бастау), Descaler (Қақ тазалау), Temperature (Температура), Auto-off (Авто өшіру), Water hardness (Су қаттылығы), Default values (Әдепкі мәндер).

Параметрлер мәзірін ашу үшін **MENU** белгішесін басыңыз. Түймедегі шам жанады.

Сағат

Дисплейдегі уақытты реттеу үшін, мына әрекетті орындаңыз:

1. Мәзірге кіріп, **NEXT** түймесін "CLOCK" (Сағат) хабары пайда болғанша басыңыз;
2. Уақытты өзгерту үшін **CHANGE** түймесін басыңыз (уақытты жылдам өзгерту үшін түймені басып тұрыңыз). Аяқтаған кезде түймені босатыңыз. Уақыт жыпылықтайды.
3. Растау үшін **OK** түймесін басыңыз;
4. Мәзірден шығу үшін **MENU** түймесін басыңыз. Түймедегі шам өшеді.

Машина өшкен кезде көрсетілетін уақыт (күту режимі) енді орнатылады.

Іске қосу

"AUTO-START Yes" (Авто бастау Иә) қосылған кезде авто бастау уақыты келесідей орнатылуы қажет:

1. Мәзірге кіріп, **NEXT** түймесін "START" (Бастау) хабары пайда болғанша басыңыз;
2. Бастау уақытын өзгерту үшін **CHANGE** түймесін басыңыз (уақытты жылдам өзгерту үшін түймені басып тұрыңыз). Аяқтаған кезде түймені босатыңыз. Дисплейде авто бастау уақыты жыпылықтайды.
3. Растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
4. Мәзірден шығу үшін **MENU** түймесін басыңыз. Түймедегі шам өшіріледі.

Одан кейін авто бастау бағдарламаланады.

Авто бастау

Кофені қалаған уақытта дереу жасау мақсатында құрылғыны белгілі бір уақытта (мысалы, таңертең) дайын болатындай ету үшін авто бастау уақытын орната аласыз.



Ескеріңіз!

Осы функцияны іске қосу үшін, **уақыт дұрыс орнатылған болуы керек** (бастапқы ("Сағат" бөлімін көріңіз).

Авто бастау уақытын орнату үшін төмендегі бөлімде сипатталғандай жалғастырыңыз.

1. Мәзірге кіріп, **NEXT** түймесін "AUTO-START No" (Авто бастау Жоқ) немесе "AUTO-START Yes" (Авто бастау Иә) хабары пайда болғанша басыңыз (функция қосулы кезде);
 2. Таңдауды өзгерту үшін **CHANGE** түймесін басыңыз. Дисплейде жаңа таңдау жыпылықтайды;
 3. Растау үшін **OK** түймесін басыңыз;
- Авто бастау уақытын орнату үшін төмендегі бөлімде сипатталғандай жалғастырыңыз. Сағаттың қасында авто бастау уақытының бағдарламаланғанын көрсету үшін  белгісі көрінеді (күту режимі).

Қақ тазалау

Қақ тазалау туралы нұсқауларды 15-беттен көріңіз.

Температура

Кофе жасау үшін пайдаланылатын судың температурасын өзгерту үшін, мыналарды орындаңыз:

1. Мәзірге кіріп, **NEXT** түймесін "TEMPERATURE" (Температура) хабары пайда болғанша басыңыз;
2. **CHANGE** түймесін қажетті температура (төмен, орташа, жоғары, ең жоғары) көрінгенше басыңыз;
3. Растау үшін **OK** түймесін басыңыз;
4. Мәзірден шығу үшін **MENU** түймесін басыңыз. Түймедегі шам өшеді.

Кейін өшіру (күту режимі)

Авто өшіру уақыты құрылғы 15 не 30 минуттан немесе 1, 2 немесе 3 сағаттан кейін өшірілетін етіп өзгертуге болады.

1. Мәзірге кіріп, **NEXT** түймесін "OFF AFTER" (Кейін өшіру) хабары пайда болғанша

басыңыз;

2. Қажетті уақыт мерзімін орнату үшін түймесін басыңыз;
3. Растау үшін **OK** түймесін басыңыз;
4. Мәзірден шығу үшін **MENU** түймесін басыңыз. Түймедегі шам өшеді.

Авто өшіру бағдарламаланды.

Су қаттылығы

Су қаттылығын орнату туралы нұсқауларды 15-беттен көріңіз.

Әдепкі мәндер (қалпына келтіру)

Бұл барлық мәзір параметрлері мен бағдарламаланған мөлшерлерді әдепкі мәндерге қалпына келтіреді (орнатылған күйінде қалатын тілден басқа).

1. Мәзірге кіріп, **NEXT** түймесін "DEFAULT VALUES No" (Әдепкі мәндер саны) хабары пайда болғанша басыңыз;
2. Таңдауды "DEFAULT VALUES Yes" (Әдепкі мәндер Иә) күйіне өзгерту үшін **CHANGE** түймесін басыңыз. Дисплейде жаңа таңдау жыпылықтайды;
3. Бастапқы параметрлерді қалпына келтіру үшін **OK** түймесін басыңыз.

Тілді орнату

Тілді орнату туралы нұсқауларды 16-беттен көріңіз.

КОФЕ ЖАСАУ

Кофе дәмін таңдау

Құрылғы әдепкіде дәмі қалыпты кофе жасау параметріне орнатылады.

Сіз мына дәмдердің бірін таңдай аласыз:

-  өте жұмсақ дәм
-  жұмсақ дәм
-  қалыпты дәм
-  қою дәм
-  өте қою дәм

Дәмді өзгерту үшін  түймесін (7-сурет) қажетті дәм көрсетілгенше қайталап басыңыз.

Кеседегі кофе мөлшерін таңдау

Кофе санын таңдау үшін келесі кестеге сәйкес

тиісті түймені басыңыз (8-сурет):

Тиісті кофе	МӨЛШЕРІ (МЛ)
 ҚЫСҚА	40 (20-180 ауқымында бағдарламаланады)
 ҚАЛЫПТЫ	90 (20-180 ауқымында бағдарламаланады)
 ҰЗЫН	120 (20-180 ауқымында бағдарламаланады)

 Ескеріңіз:

Кофенің екі кесесін жасау үшін түймені екі рет жылдам басыңыз.

Бағдарламалау мөлшері

Жеткізілетін кофе мөлшерін өзгерту үшін мына әрекетті орындаңыз:

1. Кофе шүмегінің астына бір кесе қойыңыз (9-сурет).
2. "PROGRAM QUANTITY" (Бағдарламалау мөлшері) хабары көрсетіліп, кофені жеткізу басталғанша тиісті мөлшер түймесін басып тұрыңыз. Одан кейін түймені жіберіңіз.
3. Кеседегі кофе қажетті деңгейге жеткенде түймесін қайта басыңыз.

Енді орнатылған мөлшер бағдарламаланады.


Кофе тартқышты теңшеу

Кофе тартқыш әдепкі параметр бойынша кофені дұрыс дайындайтындай етіп орнатылады және оны реттеудің қажеті жоқ.

Дегенмен, алғашқы бірнеше кесе кофені жасағаннан кейін кофенің өте әлсіз және кілегейлі емес болса немесе ол өте жай құйылса (тамшылап тұрса), оны тартуды реттеу тетігін (10-сурет) реттеу арқылы түзетуге болады.

 Ескеріңіз!

Тартуды реттеу тетігін тек кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде ғана бұрау керек.



Жылдамырақ құю үшін (тамшылатып емес), сағат тілі бағытымен "7" санына қарай бір рет бұраңыз (ірі ұнтақ кофе).

Қайнатылған кілегейлі кофе алу үшін, сағат тіліне қарсы "1" санына қарай бір рет бұраңыз (ұсақ ұнтақ кофе).

Бұл реттеулердің нәтижесі тек 2 кесе кофе жасалғаннан кейін ғана байқалады.

Егер құйылу әлі де тым жылдам немесе тым баяу болса, тетікті тағы бір «сырт» еткенше бір бұрау арқылы түзетуді қайталаңыз.

Қолмен шаю



Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмегінен шамалы су шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

Ыстықтау кофе үшін кофені жасау алдында  түймесін басу арқылы құрылғыны шайыңыз. Ішкі айналымды қыздыру және кофені ыстығырақ ету үшін шүмектен ыстық су ағады.

Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер

Кофені ыстығырақ ету үшін мынау ұсынылады:

- кофені жеткізу алдында шаю циклін орындап, "Қолмен шаю" бөлімін көріңіз.
- кеселерді кесе жылытқыштың үстіне олар жылығанша қойыңыз;
- кеселерді ыстық сумен шаю арқылы жылытыңыз (ыстық су функциясын пайдалану);
- мәзірден жоғары кофе температурасын орнатыңыз.

Кофе дәндерінен кофе дайындау



Маңызды!

Ешқашан карамельденген немесе қант қосылған кофе дәндерін пайдаланбаңыз, себебі олар кофе тартқышқа жабысып, оны пайдалануға жарамайтын етуі мүмкін.

1. Ыдысты кофе дәндерімен толтырыңыз

(11-сурет).

- Кофе шүмектерінің астына орналастырыңыз:
 - 1 кесе кофе жасағыңыз келсе, 1 кесе қойыңыз (9-сурет);
 - 2 кесе кофе жасағыңыз келсе, 2 кесе қойыңыз (12-сурет);
- Шүмектерді кеселерге қарай мүмкіндігінше төмендетіңіз. Кілегейлі кофе осылай жасалады (13-сурет).
- Қажетті кофеге қатысты түймені бір немесе екі рет басыңыз (8-сурет).
- Кофе жасалған соң, құрылғы қайта пайдаланылуға дайындалады.



Ескеріңіз:

- Құрылғы кофе жасап жатқан кезде, құюды кез келген уақытта кофе жасау түймелерінің бірін басу арқылы тоқтатуға болады.
- Құйылып болған соң кеседегі кофе мөлшерін көбейту үшін, кофе түймелерінің бірін бассаңыз болғаны (3 секунд ішінде).

Кофе жасалған соң, құрылғы қайта пайдалануға дайын болады.



Маңызды!

Егер кофе тамшылап құйылса, тым жылдам болса және жеткілікті деңгейде кілегейлі болмаса немесе тым салқын болса, 17-беттегі «Ақаулықтарды жою» бөліміндегі кеңестерді оқыңыз.

Құрылғы пайдаланылып жатқан кезде түрлі ескерту хабарлары көрсетілуі мүмкін. Олардың мағыналары әКөрсетілетін хабарлар" (16-бет) бөлімінде түсіндірілген.

Ұнтақ кофеден кофе жасау



Маңызды!

- Құрылғы өшірулі кезде ешқашан ұнтақ кофені салмаңыз, әйтпесе ол құрылғының қуыс-қуыстарына таралып, оны былғауы мүмкін. Бұл құрылғыны зақымдауы мүмкін.



Ешқашан бір деңгейлі мөлшерден артық пайдаланбаңыз, әйтпесе ол құрылғының ішін былғауы немесе воронканы бітеп тастауы мүмкін.



Ескеріңіз!

Егер ұнтақ кофені пайдалансаңыз, сіз бір

уақытта тек бір кофе жасай аласыз.

- түймесін (14-сурет) "READY PRE-GROUND" (Дайын ұнтақ) хабары көрсетілгенше басыңыз.
 - Ұнтақ кофенің бір деңгейдегі мөлшерін воронкаға (15-сурет) салыңыз.
 - Кофе шүмегінің астына бір кесе қойыңыз (9-сурет).
 - Кофе түймелерінің бірін басыңыз (8-сурет).
 - Дайындау басталады.
- Кофе жасалған соң, құрылғы қайта пайдаланылуға дайындалады. Ұнтақ кофе функциясын ажырату үшін, түймесін қайтадан басыңыз.

СҮТПЕН СУСЫНДАР ЖАСАУ



Ескеріңіз!

Сүттің көпіршігі аз болуына немесе үлкен көбіктердің болуына жол бермес үшін, сүт ыдысының қақпағы мен ыстық су қондырмаларын 12-ші және 15-ші беттердегі "Сүт ыдысынтазалау" бөліміндесипатталғандай әдіспен тазалап отырыңыз.

Сүт ыдысын толтыру және бекіту

- Қақпақты алыңыз (16-сурет);
- Сүт ыдысын жеткілікті сүт мөлшерімен ыдыста белгіленген MAX деңгейіне дейін толтырыңыз (17-сурет).



Ескеріңіз!

- Қоюлау көпіршікке қол жеткізуге тоңазытқыш температурасында (шамамен 5°C) сақталған шайқалған немесе жартылай шайқалған сүтті пайдаланыңыз.

- Сүт сору түтігінің сүт ыдысы қақпағының төменгі жағына дұрыс енгізілгенін тексеріңіз (18-сурет).
- Сүт ыдысындағы қақпақты ауыстырыңыз.
- Ыстық су шүмегін қондырмадан шығарыңыз (19-сурет).
- Ыдысты қондырмаға енгізіп, жеткен жеріне дейін итеріңіз (20-сурет).

Каппучино жасау

- Сүт ыдысын тіркеп (алдыңғы бөлімді көріңіз), кофе және сүт шүмектерінің

астына жеткілікті үлкен кесені қойыңыз.

2.  түймесін басыңыз (21-сурет). Құрылғы енді мына хабарды көрсетеді: "CAPPUCCINO, PLEASE WAIT" (КАППУЧИНО, КҮТЕ ТҰРЫҢЫЗ).

Бірнеше секундтан соң, көпіршітілген сүт төмендегі кесеге сүт шүмегі арқылы ағады. Сүт құйылу автоматты түрде тоқтайды және кофе құйыла бастайды.

Ескеріңіз!

Егер жеткізу барысында сүт дайындығын тоқтату керек болса,  түймесін басыңыз немесе кофе түймелерінің бірі арқылы кофе дайындығын тоқтатыңыз.

Каппучино дайын. Дәмді тәттілендіріңіз және қажет болса көпіршітілген сүтке шамалы какао ұнтағын себіңіз.

Көпіршітілген сүт жасау

Көпіршітілген сүт жасау үшін алдыңғы бөлімде сипатталғандай жалғастырыңыз,  түймесін жүйелі түрде екі рет басыңыз (21-сурет) (екі секунд сайын). Құрылғы "FROTHERD MILK" (Көпіршітілген сүт) хабарын көрсетеді.

Сүт ыдысын пайдаланған соң тазалау



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар

Сүт ыдысының ішкі түтіктерін тазалап жатқан кезде, көпіршікті сүт түтігінен (B5) шамалы ыстық су шығады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

"PRESS CLEAN" (Тазалау түймесін басыңыз) хабары (сүт функциясын пайдаланған сайын) дисплейде жыпылықтайды:

1. Сүт ыдысын құрылғыда қалдырыңыз (оны босатудың қажеті жоқ);
2. Көпіршітілген сүт шүмегінің астына кесені немесе басқа ыдысты қойыңыз.
3. "CLEAN" түймесін кемінде 8 секунд басып тұрыңыз (22-сурет). CLEANING UNDERWAY (Қақ тазалау) хабары көрінеді.
4. Сүт ыдысын алып, қондырманы әрқашан губкамен тазалаңыз (23-сурет).



Ескеріңіз!

- "PRESS CLEAN" (Тазалау түймесін басыңыз) хабары көрінген кезде, кез келген кофе

немесе сүт түрін әлі де жасай аласыз. Егер бірнеше кесе сүт жасау қажет болса, ыдысты тазаламас бұрын соңғы кесе құйылғанша күтуіңіз керек.

- Сүт ыдысында қалған сүтті тоңазытқышта сақтауға болады.
- Кейбір жағдайларда құрылғының қызғанын күтуіңіз керек, CLEAN түймесін басып тұрыңыз.

Кеседегі кофе мен сүт мөлшерін бағдарламалау

Құрылғы әдепкі параметр бойынша қалыпты мөлшерлерді құю режиміне автоматты түрде орнатылады. Осы мөлшерлерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Кофе шүмектерінің және сүт шүмегінің астына бір кесе қойыңыз.
2.  түймесін басып, "MILK FOR CAPPUCCINO PROGRAM QUANTITY" (КАППУЧИНО бағдарламасына арналған сүт) хабары көрінгенше кемінде 8 секунд басып тұрыңыз.
3. Түймені жіберіңіз. Құрылғы сүт құюды бастайды.
4. Кесеге қажетті сүт мөлшері құйылған соң  түймесін қайта басыңыз.
5. Бірнеше секундтан соң, құрылғы кесеге кофе құя бастайды және "COFFEE F. CAPPUCCINO PROGRAM QUANTITY" (КАППУЧИНО бағдарламасы мөлшеріне арналған кофе) хабары көрінеді.
6. Кеседегі кофе қажетті деңгейге жеткен соң,  түймесін қайта басыңыз. Кофе құю тоқтатылады.

Құрылғы сол кезде жаңа мөлшерлермен бағдарламаланады.

СУ ЫСЫТУ

Дайындық



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар.

Ыстық су құю барысында құрылғыны ешқашан қараусыз қалдырмаңыз.

Су құйылып жатқан кезде су шүмегі қызады, себебі оны тек сабынан ғана ұстау керек.

1. Каппучино жасағыш астына ыдыс қойыңыз (шашыраудың алдын алу үшін барынша

жақын қойыңыз) (4-сурет).

2. Растау үшін  түймесін басыңыз (2-сурет). "HOT WATER" (ЫСТЫҚ СУ) хабары көрсетіледі.
4. Шүмектен су ағып шығады. 250 мл-ден кейін құйылу автоматты түрде тоқтайды.
5. Құйылып жатқан ыстық суды қолмен тоқтату үшін,  түймесін қайта басыңыз.



Ескеріңіз!

- Ыстық суды 3 минуттан артық құйып тұрмаңыз.

Мөлшерін ауыстыру

Құрылғы әдепкі параметр бойынша 250 мл құю режиміне автоматты түрде орнатылады.

Осы мөлшерлерді өзгерту үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:

1. Ыдысты шүмектердің астына қойыңыз.
2.  түймесін "HOT WATER PROGRAM QUANTITY" (Ыстық су бағдарламасының мөлшері) хабары пайда болғанша басыңыз.
- Кеседегі ыстық су қажетті деңгейге жеткен соң,  түймесін қайта басыңыз.

Құрылғы сол кезде жаңа мөлшерлермен бағдарламаланады.

ТАЗАЛАУ



Маңызды!

- Құрылғыны тазалау үшін еріткіштерді, қырғыш заттарды немесе спиртті пайдаланбаңыз. De'Longhi супер автоматты кофе жасағыштарын тазалау үшін тек осы құрылғыларға арналған химикаттарды ғана пайдалануыңыз керек.
- Құрамдас бөлшектерінің ешқайсысын сүт ыдысынан (B) бөлек ыдыс жуғышта жууға болмайды.
- Қоқымдарды және кофе қалдықтарын кетіру үшін металдан жасалған заттарды пайдаланбаңыз, себебі олар құрылғының металл немесе пластмасса бөліктерін сырып тастауы мүмкін.

Кофе жасағышты тазалау

Құрылғының мына бөліктерін тұрақты түрде тазалап отыру керек:

- ұнтақ кофе ыдысы (A15),
- тамшы науасы (A13),
- машина ішінде қызметтік қақпақты (A14)

ашқан соң қол жетімді болады,

- су ыдысы (A10),
- кофе шүмектері (A16) және ыстық су қондырмасы (A9),
- ұнтақ кофе воронкасы (A7).
- демдеу торы (A18),
- сүт ыдысы (B)

Ұнтақ кофе ыдысын тазалау

"EMPTY GROUNDS CONTAINER" (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН БОСАТЫҢЫЗ) хабары көрсетілген кезде, ұнтақ кофе ыдысын босату және тазалау керек.

Ұнтақ кофе ыдысы тазаланып болғанша құрылғы хабарды көрсетуін жалғастырады және кофе жасау мүмкін болмайды.

Толық болмаса да, бірінші кофе дайындалғаннан кейін 72 сағат ішінде ұнтақ кофе ыдысын босату туралы хабар көрсетіледі. 72 сағатты дұрыс есептеу үшін, құрылғыны қуат қосқышын 0 бағытына қосу арқылы ешқашан өшірмеу керек.

- Құрылғының алдыңғы жағындағы қызметтік қақпақты (24-сурет) ашыңыз, тамшы науасын (25-сурет) шығарып, оны босатыңыз және тазалаңыз.
- Ұнтақ кофе ыдысын босатып, түбінде қалған барлық қалдықтарды кетіру үшін мұқият тазалаңыз.



Маңызды!

Тамшы науасын алып жатқан кезде ұнтақ кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек.

Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, ұнтақ кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.

Тамшы науасын тазалау



Маңызды!

Егер тамшы науасы тұрақты түрде босатылмаса, оның жиегінен су асып ағуы және құрылғының ішіне немесе жан-жағына таралуы мүмкін. Бұл құрылғыны зақымдауы, ол тұрған бетті немесе айналаны бүлдіруі мүмкін.

Тамшы науасы ондағы су деңгейін көрсететін деңгей көрсеткішімен (қызыл) белгіленген (26-сурет).

Осы көрсеткіш кесе науасынан шығып тұрғанға дейін тамшы науасы босатылуы және тазалануы керек.

Тамшы науасын алу үшін:

1. Қызметтік қақпақты ашыңыз (24-сурет);
2. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын шығарыңыз (25-сурет);
3. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын босатыңыз және жуыңыз;
4. Болған соң тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын орындарына салыңыз;
5. Қызметтік қақпақты жабыңыз.

Құрылғының ішін тазалау



Электр тогына түсу қаупі бар!

Ішкі бөліктерді тазаламас бұрын, құрылғыны өшіріп ("Өшіру" бөлімін 9-беттен көріңіз) және розеткадан ажырату керек. Кофе жасағышты суға ешқашан батырмаңыз.

1. Құрылғының іші (тамшы науасын алған соң қол жетімді болады) кірлемегенін тұрақты түрде (шамамен 100 кофе сайын) тексеріп отырыңыз. Қажет болса кофе қалдықтарын тіс щеткасымен тазалаңыз.
2. Қалдықтарды шаңсорғышпен тазалаңыз (27-сурет).

Су ыдысын тазалау

1. Су ыдысын (A10) тұрақты түрде (шамамен айына бір рет) дымқыл шүберекпен және аз ғана жұмсақ жуғыш сұйықтықпен тазалаңыз.
2. Барлық жуғыш сұйықтық қалдықтарын жою үшін су ыдысын тазалап, мұқият шайыңыз.

Кофе шүмектерін тазалау

1. Кофе шүмектерін губкамен немесе шүберекпен тазалаңыз (28-сурет).
2. Кофе шүмегіндегі тесіктердің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, кофе қалдықтарын тіс тазартқышпен кетіріңіз (29-сурет).

Ұнтақ кофе воронкасын тазалау

Тартылған кофе воронкасының (A7) бітелмегенін тұрақты түрде (шамамен айына бір рет) тексеріп тұрыңыз.

Қажет болғанда кофе қалдықтарын берілген щеткамен (B8) тазалаңыз.

Демдеу торын тазалау

Демдеу торын (A18) кемінде айына бір рет тазалап отыру керек.



Маңызды!

Құрылғы іске қосулы болған кезде демдеу торын алу мүмкін емес.

1. Құрылғының дұрыс өшірілгеніне көз жеткізіңіз (9-беттегі "Өшіру" бөлімін көріңіз).
2. Қызметтік қақпақты ашыңыз (24-сурет).
3. Тамшы науасын және ұнтақ кофе ыдысын шығарыңыз (25-сурет);
4. Қызыл босату түймелерін ішке қарай басып тұрып, демдеу торын сыртқа қарай тартып шығарыңыз (30-сурет).




Маңызды!

ТЕК СУМЕН ШАЙЫҢЫЗ


ЫДЫС ЖУҒЫШ СҰЙЫҚ ЗАТТЫ ЖӘНЕ ЫДЫС ЖУҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ

Демдеу торын тазалау үшін жуғыш сұйықтықты пайдаланбаңыз, себебі ол зақымға себеп болуы мүмкін.

5. Демдеу торын суға шамамен 5 минут батырып қойып, ағынды су астында шайыңыз.
6. Тазалаған соң, демдеу торын ішкі тірекке қарай сырғыту арқылы түбін бекітіп, «сырт» етіп орнына түскенше PUSH (ИТЕРУ) белгісін толық енгенше ішке қарай басыңыз.




Ескеріңіз!



Егер қайнату бөлігін орнына салуда қиындық болса, алдымен оны

суретте көрсетілгендей етіп асты мен үстінен ұстап күштеп қысу арқылы дұрыс өлшеміне келтіріңіз.

7. Салынған соң, екі қызыл түйменің шыққанына көз жеткізіңіз.
8. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын орындарына салыңыз.
9. Қызметтік қақпақты жабыңыз.



Сүт ыдысын тазалау

Сүт дайындап болған сайын сүт ыдысын төменде сипатталғандай етіп тазалаңыз:

1. Сүт ыдысының қақпағын сағат тілі бағытымен бұрып алыңыз.
2. Сүт шүмегі мен ішке тарту түтігін алыңыз.
4. Барлық құрамдас бөлшектерді ыстық сумен және жұмсақ жуғыш сұйықтықпен жуыңыз.

Барлық бөліктерді ыдыс жуғыштың үстіңгі кәрзеңкесіне салу арқылы ыдыс жуғышта тазалауға болады.

Тесіктерде сүт қалдықтарының жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

5. Ішке тарту түтігі мен шүмектің сүт қалдықтарымен бітеліп қалмағанын тексеріңіз.
6. Сүт реттегішін, сүт шүмегін және сору түтігін орындарына салыңыз.
7. Сүт ыдысының қақпағын орнына бекітілгенше сағат тілі бағытына қарсы бұрау арқылы жабыңыз.

ҚАҚ ТАЗАЛАУ

Дисплейде "DESCALE" (ҚАҚ ТАЗАЛАУ) хабары жыпылықтаған сайын құрылғының қағын тазалап отырыңыз.



Маңызды!

- Қақ тазалағыш құрамында теріні және көздерді тітіркендіруі мүмкін қышқылдар бар. Өнім жасаушысының қақ тазалағыш орамында берген ескертулерін және теріге және көздерге тиген жағдайда орындалатын процедураларға қатысты ескертулерді міндетті түрде ескеру керек.
- Тек De'Longhi қақ тазалағышын ғана пайдалануыңыз керек. Басқа қақ

тазалағышты пайдалану және/немесе қақ тазалауды дұрыс орындамау өнім жасаушысының кепілдігінде қаралмаған ақаулықтарға себеп болуы мүмкін.

1. Құрылғыны іске қосыңыз.
2. Мәзірге кіріп, **NEXT** түймесін "DESCALE No" (Қақ тазалау Жоқ) хабары пайда болғанша басыңыз;
2. **CHANGE** түймесін басыңыз;
3. "DESCALE Yes" (Қақ тазалау Иә) хабары көрінеді.
4. Растау үшін **OK** түймесін басыңыз. "DESCALE COMPLETE PRESS OK" (Қақ тазалау орындалды OK басыңыз) хабары көрсетіледі.
5. Суға ерітілген (қақ тазалағыш орамында көрсетілген мөлшерлерді ұстана отырып) қақ тазалағыш қоспаны су ыдысына құйып, машинаға кері салыңыз. Көлемі кемінде 1,8 литр болатын бос ыдысты ыстық су шүмегінің астына қойыңыз.



Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар

Ыстық су шүмегінен құрамында қышқылды бар ыстық су ағады.

Су шашырандыларынан абай болыңыз.

6. **OK** түймесін басыңыз;
7. "DESCALE" (Қақ тазалау) хабары көрсетіледі. Қақ тазалау бағдарламасы басталады және су шүмегінен қақ тазалағыш сұйық зат шығады. Қақ тазалау бағдарламасы құрылғының ішіндегі қақты тазалау үшін бірнеше шаю және кідіру әрекеттерін орындайды.

Шамамен 30 минуттан соң "RINSING FILL TANK" (Шайылуда, ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ) хабары көрсетіледі.

8. Одан кейін құрылғы таза сумен шаюға дайын болады. Су ыдысын шығарыңыз, босатыңыз, ағын су астында шайыңыз және таза сумен толтырып, орнына салыңыз. "RINSING PRESS OK" (ШАЮ ҮШІН OK БЕЛГІШЕСІН БАСЫҢЫЗ) хабары көрсетіледі.
9. Қақ тазалағыш ерітіндіні жинауға пайдаланылған ыдысты босатыңыз да, капучино жасағыштың астына қайта салыңыз.

10. Шаюды бастау үшін **OK** түймесін басыңыз. Ыстық су шүмектен ағады және "RINSING" (Шайылуда) хабары көрінеді.
 11. Су ыдысы толығымен босаған кезде, "RINSING COMPLETE PRESS OK" (Шаю аяқталды, OK түймесін басыңыз) хабары көрсетіледі.
 12. **OK** түймесін басыңыз.
- Құрылғы қолданысқа дайын болады.



Ескеріңіз!

Егер қақ тазалау дұрыс орындалмаса (мысалы, электр кенеттен болмай қалса), циклді қайталауды ұсынамыз.

СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН ОРНАТУ

Бір кезеңдік уақыт өткен соң су қаттылығына сай DESCAL (ҚАҚ ТАЗАЛАҢЫЗ) хабары көрсетіледі.

Құрылғы әдепкі параметр бойынша су қаттылығының 4-мәніне орнатылады.

Сонымен қатар, бұл құрылғыны әр түрлі аймақтардағы құбыр суының қаттылығына сай бағдарламаланады, сондықтан қақ тазалау туралы хабардың көріну жиілігі әр түрлі болады.

Су қаттылығын өлшеу

1. TOTAL HARDNESS TEST (ТОЛЫҚ ҚАТТЫЛЫҚТЫ ТЕКСЕПУ) көрсеткіш қағазын орамынан шығарыңыз.
2. Қағазды стакандағы суға бір секундқа толығымен батырып алыңыз.
3. Қағазды судан шығарып, жайлап сілкіңіз. Шамамен бір минуттан соң 1, 2, 3 немесе 4 қызыл шаршы судың қаттылығының деңгейіне қарай көрінеді. Әрбір шаршы бір деңгей болып есептеледі.

1-деңгей

2-деңгей

3-деңгей

4-деңгей

Су қаттылығын орнату

1. Мәзірге кіріп, NEXT түймесін "WATER HARDNESS ●●●●" (Су қаттылығы)

хабары пайда болғанша басыңыз;

2. Индикатор қағазында өлшенген қаттылық деңгейін таңдау үшін **CHANGE** түймесін басыңыз (алдыңғы бөлімді көріңіз). Аяқталған кезде жаңа таңдау дисплейде жыпылықтайды.
3. Параметрді растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
4. Мәзірден шығу үшін **MENU** түймесін басыңыз. Түймедегі шам өшеді.

Құрылғы сол кезде жаңа су қаттылығының параметрімен бағдарламаланады.

ТІЛДІ ТАҢДАУ

Тілді өзгерту үшін қосулы құрылғымен CHANGE түймесін құрылғы әр түрлі тілдерді көрсеткенше кемінде 5 секунд басып тұрыңыз "Құрылғыны алғаш рет пайдалану" бөлімінде сипатталғандай, қажетті тілді таңдаңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Кернеу: 220-240 В~ 50/60 Гц макс. 10 А
Жұтылатын қуат: 1350 Вт
Қысым: 1,5 МПа (15 бар)
Су ыдысының сыйымдылығы: 1,8 Л
Өлшемі: ҰхБхД: 280x375x360 мм
Кабель ұзындығы: 1500 мм
Салмағы: 10,5 кг
Дәндер ыдысының сыйымдылығы: 200 г



Бұл құрылғы мына ЕС директиваларына сәйкес:

- 2006/95/ЕС төменгі кернеу директивасы және кезекті толықтырулары;
- EMC 2004/108/ЕС директивасы және кезекті толықтырулары;
- Еуропалық күту режиміне қатысты 1275/2008 ережесі
- 1935/2004 ЕЕС тағам тиетін материалдар мен керек-жарақтар ережесіне сәйкес.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Өнім түрі өнімдегі жапсырмаға қараңыз
Үлгі "
Кернеу "

Жілік “
Тұтынылатын қуат “

Италияда жасалған
De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 31100 Treviso Italy
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия

Ресейге, Белоруссияға және Қазақстанға
импорттаушы:
«Делонги» ЖШҚ, Ресей, 127055, Мәскеу қаласы,
Суцёвская көшесі, 27/3-үй (27-үй, 3-құрылым)
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында
көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің
мерзімі сатып алынған күннен бастап 5 жылға
созылады.

Өнім шығарылған күн өнім жапсырмасының бетінде
немесе оның қасында көрсетілуі мүмкін (Сериялық
нөмірі: ASSCC xxx, бұл жерде А – өнім жасалған
жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC –
басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты
түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411xxx, өнім
жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)



КӨРСЕТІЛЕТІН ХАБАРЛАР

КӨРСЕТІЛЕТІН ХАБАР	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ)	Ыдыстағы су жеткіліксіз.	Су ыдысын толтырыңыз және/ немесе «сырт» етіп орнына киілгенше итеру арқылы дұрыстап салыңыз.
GROUND TOO FINE ADJUST MILL (ҰНТАҚ КОФЕ ТЫМ ҰСАҚ, КОФЕ ТАРТҚЫШТЫ РЕТТЕҢІЗ) <i>хабары...</i> СУ ШҮМЕГІН САЛЫП, ОК ТҮЙМЕСІН БАСЫҢЫЗ	Тартылған кофе тым майда және кофе өте жай құйылуда немесе мүлдем құйылмауда.	Кофені тағы да құйып көріңіз және кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытымен "7" санына қарай бұраңыз. Егер 2 кесе кофе құйылғаннан кейін әлі де жай құйылса, тартуды реттеу дөңгелегін құйылу дұрысталғанша тағы бір рет «сырт» еткізіп бұрау арқылы дұрыстау процедурасын қайталаңыз. Егер мәселе қайталанса, ОК түймесін басып, шүмектен әдеттегідей су шыққанға дейін су құйыңыз.
INSERT WATER SPOUT (СУ ШҮМЕГІН ЕНГІЗІҢІЗ)	Су шүмегі енгізілмеген немесе дұрыс енгізілмеген.	Су шүмегін орнына түскенше енгізіңіз.

EMPTY GROUNDS CONTAINER (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН БОСАТЫҢЫЗ)	Пайдаланылған кофе ыдысы шамадан тыс толып кеткен және соңғы рет кофе жасағалы 3 күн өткен (бұл құрылғының гигиеналық тазалығын сақтайды).	Ұнтақ кофе ыдысын босатып, тазалаңыз да, орнына салыңыз. Маңызды: тамшы науасын алып жатқан кезде ұнтақ кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек. Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, ұнтақ кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.
INSERT GROUNDS CONTAINER (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН ЕНГІЗІҢІЗ)	Тазалаған ұнтақ кофе ыдысы орнына салынбаған.	Қызметтік қақпақты ашып, тамшы науасын шығарып, ұнтақ кофе ыдысын орнына салыңыз.
ADD PRE-GROUND COFFEE (ҰНТАҚ КОФЕ ҚОСЫҢЫЗ)	Воронкаға "ұнтақ кофе" салынбаса да ұнтақ кофе жасау функциясы таңдалған.	Воронкаға алдын ала ұнтақталған кофені салыңыз немесе "pre-ground" (ұнтақ кофе) функциясының таңдауын алыңыз.
DESCALE (ҚАҚ ТАЗАЛАҢЫЗ)	Құрылғы қағын тазалау керек.	"Қақ тазалау" бөліміндегі қақ тазалау процедурасын неғұрлым тезірек орындау керек.
LESS COFFEE (КОФЕНІ АЗАЙТЫҢЫЗ)	Өте көп мөлшердегі кофе пайдаланылған.	Жұмсағырақ дәмді таңдаңыз немесе ұнтақ кофе мөлшерін азайтыңыз.
FILL BEANS CONTAINER (ДӘНДЕР ЫДЫСЫН ТОЛТЫРЫҢЫЗ)	Кофе дәндері таусылған.	Дәндер ыдысын толтырыңыз
	Алдын ала ұнтақталған кофе воронкасы бітеліп қалған.	Воронканы "Ұнтақ кофе воронкасын тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп щеткамен босатыңыз.
ДЕМДЕУІШ ЖИНАҒЫН ЕНГІЗУ	Тазаланғаннан кейін, демдеу торы орнына салынбаған.	Демдеу торын "Демдеу торын тазалау" тарауында сипатталғандай етіп енгізіңіз.
CLOSE DOOR (ҚАҚПАҚТЫ ЖАБЫҢЫЗ)	Қызметтік қақпақ ашық	Қызметтік қақпақты жабыңыз.
INSERT MILK CONTAINER (СҮТ ЫДЫСЫН САЛЫҢЫЗ)	Сүт ыдысы дұрыс салынбаған.	Сүт шүмегін орнына түскенше енгізіңіз.
CLEAN (ТАЗАЛАУ) ТҮЙМЕСІН БАСЫҢЫЗ	Жақында сүт құйылған, сүт ыдысының ішіндегі түтіктерді тазалау керек.	CLEAN түймесін кемінде 8 секунд басып тұрыңыз. CLEANING UNDERWAY (Қақ тазалау) хабары көрінеді.

GENERAL ALARM! (ЖАЛПЫ ДАБЫЛ!)	Құрылғының іші өте лас.	Құрылғының ішін "Тазалау және күтім көрсету" бөлімінде сипатталғандай етіп мұқият тазалаңыз. Бұл хабар тазаланған соң да көрсетілсе, қызмет орталығымен хабарласыңыз.
----------------------------------	-------------------------	---

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Төменде кейбір ықтимал ақаулықтар көрсетілген. Егер проблема сипатталғандай әдіспен шешілмесе, қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.

ПРОБЛЕМА	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Кофе ыстық емес	Кеселер алдын ала қыздырылмайды.	- Кесе жылытқышты іске қосып, кеселерді кемінде 20 минут бойы жылытыңыз. - Кеселерді ыстық сумен шаю арқылы жылытыңыз (ыстық су функциясын пайдалану).
	Демдеу торы суып қалған, себебі соңғы кофе жасалғалы 2/3 минут өткен.	Кофе жасамас бұрын демдеу торын шаю циклін орындау арқылы жылытыңыз.
	Төменгі кофе температурасы орнатылды.	Мәзірден жоғарырақ кофе температурасын орнатыңыз.
Кофе көпіршігі жеткілікті емес.	Кофе тым ірі етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу тетігін сағат тілі бағытына қарсы "1" санына қарай бір рет бұраңыз (8-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе дайындалғаннан кейін барып білінеді.
	Кофе түрі дұрыс емес	Эспрессо кофе жасағыштарына арналған кофе түрін пайдаланыңыз.
Кофе тым баяу құйылады немесе тамшылап тұрады.	Кофе тым майда етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу тетігін сағат тілі бағытымен "7" санына қарай бір рет бұраңыз (11-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе дайындалғаннан кейін барып білінеді.

Кофе шүмектерден емес, қызметтік қақпақтың айналасынан ағады.	Шүмектердегі тесіктер құрғақ кофе шаңымен бітеліп қалған.	Шүмектерді тіз тазартқышпен, губкамен немесе қатты ас бөлме щеткасымен тазалаңыз.
	Қызметтік қақпақтағы кофе бағыттауышы кептеліп қалған және ол тербелмейді.	Кофе бағыттауышын, әсіресе ілгектерін мұқият тазалаңыз.
Шүмектерден кофе ақпайды.	Шүмектер бітеліп қалған.	Шүмектерді тіз тазартқышпен тазалаңыз (26-сурет).
Сүтте сүт шүмектерінен шығатын көпіршіктер мен көбіктер бар.	Сүт жеткілікті деңгейде салқын емес немесе ол жартылай шайқалмаған.	Т о ң а з ы т қ ы ш температурасындағы (шамамен 5°C) майсыздандырылған немесе жартылай майсыздандырылған сүтті пайдаланған жөн. Егер нәтиже сіз қалағандай болмаса, басқа компанияның сүтін пайдаланып көріңіз.
	Сүт ыдысының қақпағы кірлеген.	Сүт ыдысының қақпағын "Сүт ыдысын тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.
Сүт көпіршітілмеген	Сүт ыдысының қақпағы не көпіршікті реттеу дөңгелегі кірлеген.	Сүт ыдысының қақпағын "Сүт ыдысын тазалау" бөлімінде сипатталғандай тазалаңыз.
Құрылғы іске қосылмайды.	Ол розеткаға қосылмаған.	Розеткаға қосыңыз.
	Негізгі қосқыш іске қосылмаған.	Негізгі қосқышты I бағытына орнатыңыз (29-сурет).
Шүмектерден сүт ақпайды.	Сүт ыдысының қақпағы кірлеген.	Сүт ыдысының қақпағын "Сүт ыдысын тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз.